

Д.С. Жақан

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Аңдатпа. Мақалада әйел қауымының ғұрыптық фольклор аясындағы қызметі негізге алынып, бұл тақырыпқа қатысты жазылған түрлі ғылым салаларындағы іргелі зерттеулерді қамти отырып, адам баласының дүниеге келуі мен дүниеден өтуі аралығында атқарылатын ғұрыптық рәсімдер аясындағы әйелдердің іс-әрекеті, вербальдық, бейбервальдық қызметтеріне талдау жасалды. Қоғам дамуының әралуан кезеңдеріндегі әйел қызметінің отбасылық құндылықтарды сақтаушы, таратушы ретіндегі функциясына мән беріліп, оның жалпы әлеуметтік орта мен қоғамдық процестерге әсері жөнінде ғылыми топшылаулар түйінделді. Сондай-ақ ғұрыптық кешенді тудырған түрлі наным-сенімдер мен көне түсініктердің де тақырыпқа қатысты тұстары назарға алынды. Ғұрыптық кешенді құрайтын әрбір ғұрыптық рәсімнің (бала туу, үйлену, азалау) әрқайсындағы әйел функциясының ерекшеліктері жан-жақты талданып, жалпы ғұрыптың атқарылу нәтижесіндегі ортақ заңдылықтары айқындалды. Әйел жаратылысының ерекшелігінен туындайтын тек әйел затына тән табу мен тыйымдардың мән-маңызы мен оның отбасылық, қоғамдық қатынастарға әсері де қарастырылды. Зерттеу барысында соңғы жылдардағы археологиялық, этнографиялық еңбектердегі тың ой-пікірлердің тақырыпқа қатысты тың деректеріне де мән берілді. Қазақтың дәстүрлі отбасылық жүйесінде қалыптасқан көп балалы, жасы үлкен әйел мәртебесінің әлеумет, қоғамдық ортадағы маңыздылығы жайында ой-тұжырымдар түйінделіп, бұл заңдылық кейбір түркі халықтарының материалдарымен салыстырылып, сабақтастығы нақтыланды. Зерттеу қорытындысында әйел тақырыбына қатысты түрлі саяси ұстанымдар мен өзге мәдениеттің кері ықпалы әсерінен бұрмаланған тұстары да талданып, қоғамдағы әйел қызметінің табиғи болмысын құрметтейтін көшпелі дала мәдениеті қалыптастырған ұлттық құндылықтардың мән-маңызы тұжырымдалды.

Алғыс. Ғылыми мақала BR20281009 іргелі жоба аясында жазылды.

Кілт сөздер: ғұрып, отбасы, әйел, кейуана, рәсім, бақсы, типология

D.S. Zhakhan

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

STATUS OF WOMEN IN RITUAL FOLKLORE

Abstract. The article examines the role of women in the context of ritual folklore, with an analysis of various fundamental studies in different fields of science related to this topic. It analyzes women's activities within the framework of conducted rituals between the birth and death of a person, their verbal and non-verbal activities. At various stages of societal development, the importance of women's roles as guardians and disseminators of family values was emphasized, and scientific generalizations were made about the impact of their activities on the overall social environment and social processes. Various beliefs and ancient notions that gave rise to the ritual complex relevant to the topic were also taken into account. Each ritual practice that makes up the ritual complex (birth, wedding, commemoration) was thoroughly analyzed in terms of peculiarities of

women's roles, and common patterns as a result of performing the rituals were identified. The meaning and importance of taboos and prohibitions inherent exclusively to the female nature were also examined, as well as their influence on family and social relations. The study also focused on new ideas and opinions presented in archaeological and ethnographic works of recent years related to this topic. In the traditional system of family values of the Kazakhs, conclusions were drawn on the significance of the status of women with many children, elderly women in society and social environment, and this phenomenon was compared with materials from some Turkic peoples to clarify the interrelations. In conclusion of the research, various political aspects concerning women were analyzed, as well as the distorted aspects caused by the negative influence of other cultures, and the meaning and significance of national values formed by steppe nomadic culture, which implies respect for the natural essence of the role of women in society were determined.

Acknowledgments. The scientific article was written as part of the fundamental project BR20281009.

Keywords: ritual, family, woman, elder, rite, shaman, typology.

Д.С. Жакан

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

СТАТУС ЖЕНЩИНЫ В ОБРЯДОВОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. В статье рассматривается роль женщин в контексте ритуального фольклора, с анализом фундаментальных исследований в различных областях науки, касающихся данной темы, анализируется деятельность женщин в рамках проводимых ритуальных обрядов между рождением и смертью человека, их вербальная и невербальная деятельность. На различных этапах развития общества подчеркивалось значение функции женщин как хранительниц и распространительниц семейных ценностей, а также сделаны научные обобщения о влиянии их деятельности на общую социальную среду и общественные процессы. Также были рассмотрены различные верования и древние представления, породившие ритуальный комплекс, связанные с данной темой. Каждая ритуальная практика, составляющая ритуальный комплекс (рождение, свадьба, поминание), была всесторонне проанализирована на предмет особенностей функции женщины, и были выявлены общие закономерности в результате выполнения ритуала. Также рассматривались смысл табу и запретов, присущих исключительно женской природе, а также их влияние на семейные и общественные отношения. В ходе исследования также было обращено внимание на новые идеи и мнения, содержащиеся в археологических и этнографических трудах последних лет, относящихся к данной теме. Были сделаны выводы о традиционной системе семейных ценностей казахов, значимости статуса многодетной, пожилой женщины в обществе и социальной среде, а также сопоставление с материалами некоторых тюркских народов для выявления взаимосвязей. В заключении исследования были проанализированы различные политические аспекты, касающиеся роли женщин, и искаженные аспекты, вызванные негативным влиянием других культур, а также определены смысл и значение национальных ценностей, сформированных степной кочевой культурой, подразумевающей уважение к естественной сущности роли женщин в обществе.

Благодарности. Научная статья была написана в рамках фундаментального проекта BR20281009.

Ключевые слова: обряд, семья, женщина, старейшина, ритуал, шаман, типология.

1. Кіріспе

Жалпы әдебиеттану ғылымында әйел тақырыбы біршама қарастырылған тақырып. Алайда бұл ауқымды тақырыптың қазақ фольклортану ғылымындағы арнайы қарастырып, әр түрлі аспектіде талдап тексеруді қажет ететін тұстары жетерлік. Біз бұл мақалада тек отбасылық ғұрып фольклорына қатысты кейбір қырларын қарастыруды мақсат тұттық. Фольклормен қатар этнографиялық, психологиялық,

этнологиялық, этно-лингвистикалық ғылым салаларымен қабат қарастырғанда ғана бұл күрделі мәселенің мәнісін тереңнен тануға болады. Көнеден күні бүгінге дейінгі даму тұрғысынан зерделеу арқылы ғана әйел мен ердің жаратылыс ерекшелігі мен әлеуметтік ортадағы орнына қатысты ғылымы тұжырымдар дәйекті болып табылады.

Адамның дүниеге келуі мен ақтық сапарға жөнелту ғұрыптарына қатысты әйел қызметінің сыртқы сипаты ғана емес ішкі мәні жөнінен де ұқсастық, сабақтастығы бар. Себебі әйел адам баланы дүниеге әкеліп қана қоймай, оны өмірге бейімдеп, әлеуметтік ортада, қоғамда өз орнын табуда маңызды рөл атқарған. Ерте замандарда ол дәстүрлі отбасылық заңдылықтар аясында ер азаматтың ісін толықтыра түсетін жетекші, енгізуші қызметін атқарады.

Халықтың некелік, отбасылық қарым-қатынастардағы әйел мен ердің өмір сүру нормаларының өзі қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде өзгерістерге ұшырап отырды. Әсіресе орыс отаршылдығы күшейген тұстағы және совет үкіметі кезеңіндегі «әйел теңсіздігі» саясатының желеуімен жүргізілген дәстүрді қасақана бүлдіру салдарынан да көп құндылықтарын жоғалтты. Қоғамдық даму үдерісіндегі мәдениеті озық елдердің оң ықпалының басымдығына қарамастан (тең дәрежеде білім алу, белгілі бір кәсіпке мамандану, билікке араласу т.б.) әйелдің көшпелі дала мәдениеті қалыптастырған әйелдің табиғи болмысына тән әдеп қағидаларының құндылығына көлеңке түсіріп, ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлі қағидаларды көмескіледі.

Бүгінгі заманғы қоғамдағы әйел мәртебесі екі жақты функцияны қамтиды: әрі отбасылық, әрі қоғамдағы жаңа функциялармен сабақтас түсініледі. Негізінен ер адамды отбасының тірегі санап, қоғамдағы орынын алға шығаратын дәстүрлі менталитет сақтала отырып, әйел адамның да өзіндік даму құқықтары сақталады. Кейбір отбасының ішкі қарым-қатынастарындағы әрқелкілікті ескермегенде қазақтың отбасылық жүйесі дәстүрлі ұстанымдарға негізделеді.

Дәстүрлі қоғамдағы адам баласының барлық өмір кезеңдеріне қатысты дәстүрлі рәсімдер мен салттарда әйел маңызды роль атқарған. Бір қарағанда бала туу, өсіру мен үйлену ғұрыптарындағы әйелдің белсенділігі бәсең көрінуі мүмкін. Алайда бұл орайда да тек әйел адамдар атқаруға тиісті жөн-жосындар мен рәсімдер жүйесі қалыптасқан. Сондықтан да мұндай рәсімдерді өткізетін басты тұлға әйелдің жасы мен өмірлік тәжірибесі және әлеуметтік мәртебесіне мән беріліп, оның дәстүрді жалғастырушылық қасиеті жаңа туған сәбимен ұзатылатын қыз бен жаңа түскен келінге игі әсері, оң ықпалы алдын-ала ескерілген.

2. Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу жұмысы қазақ фольклорының ғұрыптық фольклор саласына қатысты еңбектердегі әйел тақырыбын сөз еткен зерттеулерді жан-жақты қамтып, зерттеу нысанына ала отырып, жалпы әйел мәртебесінің фольклордағы орнын түсіну мен айқындаудың алғышарты боларлық тұжырымдар түйіндеуді көздейді.

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада негізінен әйел қызметінің ғұрыптық кешен аясындағы орнын айқындау мақсатында әйел атқаратын салт-дәстүр, рәсім жөн-жосындарды жинақтау, саралау,

салыстыру, жүйелеу мен тарихи-функционалдық, құндылық-интерпретациялық, құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Ұсынылып отырған мақала құрылымы бала өсіру, үйлену (қыз ұзату), азалау ғұрыптарына қатысты түрлі рәсімдік қимыл-әрекет, сөз, заттық атрибуттар жинағын сипаттаулардан тұрады. Сонымен қатар қоғам, әлеуметтік ортадағы және фольклорлық танымдағы әйел тұлғасы талданған фольклортанулық, этнографиялық, археологиялық, этнологиялық еңбектер мен зерттеулер басшылыққа алынды. Мәселен, А.К. Байбуруннің «Этнические стереотипы мужского и женского поведения (Байбурун, 1991: 27-36), А. Абрамянның «Мир мужчин и мир женщин: расхождение и встреча» (Абрамян, 1991: 109-132); Т.В. Цивьянның «Оппозиция мужской/женский и ее классифицирующая роль в модели Мира» (Цивьян, 1991: 77-91); Тишин В.В., Серегин Н.Н. Положение женщины в древнетюркском обществе (Тишин, Серегин, 2015: 109-127) тағы басқа да зерттеулер.

Қазақ фольклортану ғылымындағы отбасы фольклорын арнайы қарастырған іргелі зерттеулермен қатар бүгінгі заманғы түрлі ғылым салалаларындағы жетістіктерді назарға ала отырып, қазақ әйелінің дәстүрлі қоғамдағы мәртебесі мен бүгінгі өмір сипаты жайында ой-тұжырымдар түйінделді.

3. Талқылануы

Адамзат қоғамының сан ғасырлық даму тарихында аталмыш тақырыпқа қатысты айтылған пікірлер бір шоғыр.

Қыз бен ұлдың ерекшелігін айқындайтын көне заманғы кәмелеттік сынақ (инициация) белгілерінен бастап, әрбір халықтың түрлі замандар бойғы өмір сүру дағдысы мен дәстүрлі ұстанымдарымен байытылған ерекшеліктерді өз алдына зерттеу қызғылықты материалдар береді.

Мәселен, қазақтың жасқа толғаннан бастап қыз балаға тұлым, ұл балаға айдар қалдырудың кейін келе сырға салу мен сүндеттеу арқылы көрінетін жас ерекшелігіне сай жасалатын рәсімдік ерекшеліктер арқылы аражігі айқындала түседі. Көшпелі дала тіршілігіндегі бұл айырым ұл баланың 5-6 жасынан атқа үйрену, әкесімен бірге дала тірлігіне бейімделуі мен қыз баланың үй шаруасындағы анасына қолғабыс етумен айналысуы арқылы жүзеге асады. Қыздың шашын өсіріп, алғашқы бұрымын өргізу рәсімінің арнайы өткеріліп, рәсімді атқару үшін ел ішіндегі қолы шебер беделді әйел шақырылған. 12-13 жастан бастап, қызбала бойындағы физиологиялық өзгерістерге байланысты тыйымдар күшейіп, ұл баладан алшақтату шараларына мән беріліп, қыз балаға болашақ жар, ана болудың дәстүрлі этикеттері сіңдіріле бастаған. Балалық еркіндікті біртіндеп шектей отырып, әрбір жыныстың өзіне тән жауапкершілігін арттыра түсу көзделген. Қыз балалар тек үй шаруасымен ғана айналыспай, белгілі бір өнердің саласын (тігу, тоқу т.б.) меңгеруге бағытталса, ер балалардың міндеттері тіпті күрделене түседі. Жиын-тойлар мен арнайы сайыстарда да ұл мен қыздың өзіндік ерекшеліктеріне сай бекітілген дәстүрлі талап-тілектердің аясы ескерілген. Отбасылық ғұрыптардағы әйел функциясының біртектілігі түркі халықтарының көпшілігіне ортақ (Mukan, Matyzhanov, 2020: 40-49).

Ананы құрметтеп, қастерлеу Түркі мифологиясындағы әйел құдайы дәрежесіне жеткен Ұмай ана образында жинақталған.

Дәстүрлі қоғамдағы әйел мәртебесі – оның белгілі бір кемел жасқа келуі мен көп баланы дүниеге әкелуі және отбасы, әулет ішіндегі бедел-абыройы арқылы өлшенген. Мысалы «Құрметті, жасы ұлғайған әйел» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1979: 562) мағынасындағы «кейуана» сөзімен мағыналас Орта Азия халықтарындағы (өзбек, қарақалпақ) «кейуана», «кяйвони», иран тіліндегі «каткуда кемпір» ұғымдары сәйкес келеді.

Қарақалпақ ғалымы Х. Есбергенов мәліметінше, мұндай «кейуаналар» бүкіл рудың отбасылық рәсімдерін, бала өсіру, үйлену жерлеу, азалау процестерінде жетекші рөл атқарып, рудың тәрбиелік жұмысын қадағалаған (Есбергенов 1963: 33; Бекмуратова 1970: 50-51).

Ал зерттеуші К.Л. Задыхина арал маңы өзбектерінде көктемгі маусымдық салттық «Сумалак» мерекесіндегі кейуана рөлінің ерекше екендігін айта келе: «Среди женщин она обычно ведала всей организацией и проведением церемонии тоя, давая указания, куда кого поместить, кому, что и в каком количестве подать, кому что подарить» (Задыхина 1952: 394) – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ Г.П. Снесарев те хорезм өзбектеріндегі «кяйвони» қызыметі той мен асты өткізу мен жастарды өмірге бағыттауда да маңызды қызмет иеленгендігін көрсетсе, тәжіктерде негізінен отбасы аясындағы әйелдер қауымының ішіндегі істерге жауаптылығы айтылады. Түркі халықтарының зерттеулеріне ортақ пікір – «кейуана» – мәртебесін 45-55 жастағы тұрмыстағы әйел иеленген.

Зерттеуші А.Т. Бекмуратова қарақалпақ фольклорының материалдарына сүйене отырып, мұндай жасы келген әйелдердің тек ру ішінде ғана емес, ру аралық мәселелерді шешуде де басты пікір иеленіп, биік беделге көтерілгендігін айтады (Бекмуратова 1970: 51-52). Өйткені ол барлық өмір кезеңдеріне қатысты жөн-жоба мен дәстүр салтты терең меңгергендігімен өзгелерден өзін ерек таныта білген, әрі өз отбасы мен ру ауқымынан даңқы асқан әйел тұғырына көтерілген. Мұндай әйелдер қазақ отбасындағы полигамды неке тұсындағы көбіне *бәйбішеге* тиесілі болған. Бір атадан өрбіп, өсіп-өнген әулеттің арасындағы жарасымды сыйластық, өзара құрмет тәрбиесін сіңіріп, бір құрсақтан тараған бір ауылдың береке-бірлігінің бұзылмауындағы жауапты істі атқарған аналар әулет иесінің даңқын биікке көтеріп, мәртебесін арттыруға қызмет еткен. Ішкі бірлігі мықты мұндай әулеттік жүйе қазақ қоғамының тұтастығының тірегі болған. Осындай түтіні түзу шыққан отбасындағы әже, ана құндағында халқымыздың талай даңқты тұлғалары тәрбиеленген.

Өйткені ондай аналар бүкіл әулет ауқымындағы әйелдерге бас болып қана қоймай, өсіп келе жатқан жастарды тәрбиелеу ісінде жетекшілік атқарып, өзінің әділеттілігі, мейірімі мен жанашырлығы арқылы елдің анасы, әжесі дәрежесіне дейін көтерілген. Бұндай әйелдердің мақсаты – ұрпақ болашағын ойлау, ер-азаматының атына кір келтірмеу, қайын жұртының көсегесін көгертіп, ағайын арасындағы алауыздықты бітістіру, әрбір жас баланың өз жұртын, елін сүйіп, қорғайтын қасиеттерге баулу

арқылы ер азаматтың тұлғасын толықтырып, байыта түскен. Әулеттің асыраушысы еркек болса, әйел де соған сай ел ішілік шаруашылықты өзі-ақ басқарып отырған.

Әйелдердің өзіне ғана тән қызметінің ерекшелігі баланы дүниеге әкелуге қатысты рәсімдерде айқынырақ көрінеді. Босанатын әйелдің толғағын жеңілдету үшін атқарылатын барлық шараларды үйлестіру үшін қолы епті, ел ішінен тәжірибелі әйел таңдалып алынады. Әсіресе алғаш рет «жас босанатын анаға жасалатын зиянкестік көп» деген сенімге сәйкес ана мен баланы қорғау, сақтау шараларының барлығы осындай тәжірибелі әйелдер мойнына жүктелген. Ол жас келіннің бойына бала бітікен күннен басталып, толғатып, туғанға дейінгі аралықтағы ішетін асы мен киетін киімі, жүрісі-тұрысы, өмір сүру дағдысына қатысты барлық жүкті әйелге тиесілі қалыптасқан дәстүрлер мен стереотиптерден, әдеп нормаларынан тұрған. Олар өзіне дейінгі түрлі ырым-тыйым, түсініктерге негізделген өзі меңгерген, вербальді әрі практикалық тәжірибелерге сүйенген. Бірнеше бала дүниеге әкелген әйелдердің өзі де өзінен кейінгілерді босандыру рәсімдеріне қатысып, келе-келе жауапкершілікті істі өзі де атқарған. Яғни әйелдер қауымының өз ішіндегі дені сау ұрпақты дүниеге әкелу мен оны өсірудегі түрлі атқаратын қызметі тек әйелдердің өздеріне ғана тән құпиялық пен қастерлілікке толы ерекше әлем. Әсіресе халықтық медицинаның білігірі ретінде танылған, мол тәжірибелі «Кіндік аналар» – толғақты жеңілдету үшін практикалық іс-әрекетпен қатар түрлі символикалық әрекеттерді де қоса атқарған. Қазақ әйелдерінің осындай ерекше қасиеттерін көзімен көріп бақылап, оның пайдасы мен артықшылығы жөнінде мол мағлұмат жинаған дәрігер-саяхатшы Колбасенко (Колбасенко, 1889: 45-46). «В то же время врачи-европейцы неоднократно отмечали, что роды у казахских женщин протекают легче, чем у европейских рожениц» (Колбасенко 1889: 45-46) – деп танданыспен жазған.

Дәстүрлі қоғамдағы әйелдің жасына, әлеуметтік мәртебесіне тән ерекшеліктер отбасы ауқымынан асып жатады.

Көшпелі дала заңдылығына сәйкес ер адам отбасы тірегі саналып, барлық әлеуметтік-қоғамдық істердің шешуші істерін атқарғандықтан, сол ерлерінің мәртебесіне лайық отбасылық, руаралық байланыстарды нығайтып, үзбей отыру әйел мойнына жүктелді. Алайда дәстүрлі санадағы әйел бұл үлкен істердің барлығын аналық парыз ретінде ұғынып, ұрпақ, ел мүддесі үшін қажетті іс деп түсінгендіктен атқарған.

Ер мен әйелдің осындай ортақ жауапкершілігі көшпелі дала мәдениетінің қозғаушы әрі сақтаушы факторына айналған.

Үйлену салтына қатысты да әйелдер қауымы белсенді қызмет атқарған. Ұзатылатын қыздың жасау-жабдығын дайындау, сәукелесін тіктіру, ұзату тойы барысындағы ырым-қаделерді, қызға қатысты, күйеу жігітке қатысты, құдалыққа қатысты, ақыры сыңсу айту мен қызды шығарып салу рәсімдеріндегі ана, жеңге, сіңілі, құрбы қыздардың қызметтерінің өзіндік функциясы мен міндеттерінің дәстүрлі шарттары мен заңдылықтары болған. Сондай -ақ келін түсіру салтындағы келінді маңдайынан сүйіп қарсы алатын ене мен беташар тұсындағы екі жағынан сүйейтін абысындары мен қайынсіңілі, қайынапаларының да дәстүрлі этикеттері

сақталған. Қыз ұзату салтында қалыңдық жағындағы ер адамдар: әке, аға, інісі көп көзге түспейді.

Ал азалау фольклорында керісінше, мұнда әйел-негізінен өте пассивті көрінеді. Бірақ ол сыртқы сипаты ғана. Өйткені марқұмның жаны шыққан сәттегі дауыс шығарудан бастап, ол жайындағы жылау мен жоқтаудың барлық міндеті әйелдің мойнына жүктелген. Дәстүрлі ұғымдағы жетім, жесір ретіндегі әйел баласына (анасы, жары, қыздары) қойылатын қатал талап-тиымдарды мүлт жібермей сақтаудың 1 жылға созылуы, жылына дейінгі шаралар мен жылдығы мен асындағы өз міндеттері бар. Демек, әйел-жесір, иа болмаса марқұмға туыстығы бар әйел заты белгілі бір ғұрыптық рәсімдерді атқара отырып, тиымдарды сақтай отырып марқұмның жанын басқа дүниеге аттандыру, жөнелту мақсатындағы іс-әрекеттерде де басты персонаж ретінде қызмет атқарған. Егер марқұмның ер балалалары болғанымен, өзінен туған қызы болмаса аталас жақын туысының қызының бұл рәсімді атқаруының өзі әрбір әйел затының дәстүрлі қоғамдағы өзіндік орынын белгілейтінін көрсетеді. Яғни адам баласының дүниеге келуі мен ержетіп есеюі және ақырғы сапары тұсындағы барлық таным-түсініктердегі мифтік таным бойынша Әйел-тылсыммен тамырлас, үнемі байланыстағы тұлға (Стасевич, 2011: 140).

Азалау ғұрыптарындағы марқұмды жоқтаушының негізінен әйел болып келуінде осы таным-түсініктердің ықпалы бар деуге болады.

Қазақстан мен орта Азияның діни сенімдерін жан-жақты қарастырған ғалым О.Б. Басилов қазақ шамандығы жайлы біршама айтылғанымен, «ол жайындағы жаңа мүмкіндіктердің қажеттілігін» ескерткен болатын. Зерттеушінің өзіне дейінгі қазақ даласын аралап шынайы шамандармен кездесіп, ойынын тамашалап жазып алған, фото суреттерін тапсырған(1921-1926) саяхатшы-зерттеушілер, мысалы Ф.А. Фиельструпом жазбаларына сілтеме жасай отырып, қазақ бақсылығының негізінен ер адамдарға тиесілі екендігі жайлы көп жазылып, айтылғанымен, әйел бақсылығының да кеңінен таралғандығына назар аудару қажеттілігін алғаш рет алға тартады (Басилов 1990: 66).

Нақтылай алғанда ғалымның бұл пікірі дүниеден өткен адамды ақырғы сапарға аттандыруға қатысты ғұрыптың кешенді құрылымындағы марқұмды Жоқтаушы типіне қатысты бірқатар ой-тұжырымдар жасауға жетелейді. Марқұмды жоқтау – өлген адамды жоқтап жылай беру емес. Өлім сырына, құпиясына үңілу, сұрағына жауап іздеу – өлмес өмірдің жолын табу. Кейіннен өнер арқылы – Өлім жеңген образды көкке көтеру, есімін ардақтау, оның қайғысының салмағы арқылы образын сомдау. Көркем жоқтау құрылымында сөздің магиялық мәнінен бастап, кейінгі тағлымдық-тәрбиелік қызметіне дейінгі ұзақ тарихи қабаттар қатар көрініс табады Бұл орайда Едіге Тұрсынұлының ғылыми тұжырымындағы ырым мен ғұрып үстіндегі «ән-жырдың магиялық қызметі» туралы пікірлері де жандандыра түсуді қажет етеді. Жоқтаушы тіліндегі мифтік ұғымдардың мәні алдымен марқұмға арналуы сөздің көне заманғы магиялық мәніне байланысты. Сөз жоқтайды, жұбатады, марқұмға игілік тілейді әрі бұрынғы дүниеден өткендерге марқұм жайында хабар береді. Жоқтаудың мифтік-ғұрыптық негізі арқылы жоқтауды тудырушы, дамытушы тұлғалардың даму тарихын

зерделеуге болады. Ол бастапқы синкретті тұлғалар: Мәдени-қаһарман – шаман – жылаушы – жоқтаушы – ақын-жыраулар қызметінің жіктелуімен сабақтасып жатыр. Жанрдың бастаулары бастапқы ұжым болып атқарған ғұрыптық рәсімдерден бастап (арбау, жылау, жоқтау), жоқтауды тудырған жеке дара творчестволық ерекшеліктерді танытуға дейінгі аралықты қамтиды.

Басқа әлемге аттанған жанды жоқтау – әйел жұртының бәріне емес, ақыл ойы зерек, пайым парасаты бөлек, өнерпаз әйел затының ғана еншісіне тигендігінен хабардар етеді. Тек қазақта ғана емес, әлем халықтарының салтындағы марқұм рухымен тілдесу, оны сөзбен жоқтап жылаудың әйелдерге қатыстылығының түп-төркінін әйелдің дүниеге ұрпақ әкелу қасиетімен және психикалық болмысының ерекшелігімен байланыстыратын зерттеулер бар. Солардың қатарында белгілі фольклор жинаушы әрі зерттеуші Ә. Диваевтың (Диваев, 1897: 182). жерлеу, азалау фольклорын өткерудегі әйел-бақсылардың рөлі жайындағы пікірлері тереңдете түсуді қажет етеді. Бұл тұрғыда өткен ғасырдың өзінде Шымкент облысының Қызылқұм ауданында өмір сүрген Хадиша бақсының өзі және анасы мен әжесінің бақсылығы жайындағы зерттеуші Р.М. Мұстафинаның (Мустафина, 1992: 48-56) жазбалары мен тұжырымдары да бұл мәселені тереңнен қарастырудың маңыздылығын айғақтайды. Соңғы жылдары түркі-монғол фольклорын айтпағанда, орыс фольклортану ғылымында да осы мәселеге ерекше ден қойған зерттеушілердің пікірлерінде де қызғылықты ой-тұжырымдар дәйектеледі. Мәселен, Е.П. Батынова (Батьянова, 1993) мен В.И. Харитонованың (Харитонова, 2005) зерттеулерінде хақас, тува, бурят фольклорындағы әйел шаманның түрлі рәсімдерді атқарудағы көне және қазіргі заманғы функциясы жайында қызғылықты дәйектемелер келтірілген. Шамандық, бақсылық сенімдегі әйелдің рөлі және оның ғұрыптық рәсімдерді өткерудегі орны жайында айтылған пікірлер сан алуан, мысалы Д.К. Зеленин: «Сібірдегі көп халықтарда еркек бақсыдан әйел бақсы (елті) күшті болып есептелгендіктен, еркек бақсылардың киіміндегі әйелдік атрибуттардың сақталуы әйел бақсының алғашқы екендігін дәлелдейді» (Зеленин, 1936: 106) – деп пікір түйіндейді. Ал Е. Тұрсыновтың (Тұрсынов, 1976: 41-48) алғашқы әйел бақсылардың ғұрыпты атқарушы ретіндегі пікірлерінің ерекшелігі: әйел бақсы типін матриархатпен тікелей сабақтастырмай, дәнекершілікпен қатысты қарастырып,, әрі әйел бойындағы бала тууға қатысты физиологиялық ерекшеліктерге байланысты алғашқы бақсылар әйел арасынан сайланған деп қарсы уәж айтады. Әрине, өлім мен оған қатысты тұлғалар жайындағы мұндай сан түрлі тұжырымдар азалау фольклорының күрделілігі мен оның жалпы тіршілік атаулыға қарама-қайшы семантикасына да байланысты. Қалай болған да дүниеден озған жанның жұрт жадынан ұмытылмауы, елі үшін істеген еңбегінің өшпеуі, қадір қасиетінің артуы артындағы Жоқтаушыға байланысты екендігі айқын.

Ғұрыптық фольклордың құрылымында ғұрыпқа қатысушылардың өзара қарым қатынасы іс-әрекет, дыбыстық сөз, сөйлесумен ғана емес, басқа да түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Яғни ым-ишара, емеурін, сырты сипат т.б. арқылы көрінетін бейвербальды амал-тәсілдердің мәні зор. Онда да әйел мен ер адамның әрқайсына тән ерекшеліктер сақталады. «Өйткені, вербалды да, бейвербалдыда

қарым-қатынас адам баласы пайда болғаннан бері адамдар арасында пайда болып, дамып келеді. Сонымен бірге коммуникативті өзара әрекеттесу кезінде вербалды байланыс вербалды емес ақпаратпен толықтырылып, толыққанды қарым-қатынастың негізін қалады» (Kelmaganbetova., Mazhitayeva., AyazbayevaB., 2023: 2506 – 2513).

Әйелдердің сөзбен жоқтап жылауымен қоса ым-ишара мен сыртқы келбет-пішініне, киіміне, қимыл-қозғалысына қатысты қалыптасқан аза тұту үстіндегі табу мен тыйымдары жылына дейін жалғасқан. Тілтанушы ғалымдар зерттеулерінде әйел тіліндегі табу сөздердің ерекшеліктері жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалған (Кашкеева, Кулжанова, 2023: 45-54).

4. Зерттеу нәтижесі

Еуразия көшпенділерінің өмірін әр алуан аспектіде қарастырған іргелі зерттеулердің барлығында да күрескер ер адам тұлғасы басты орын иеленеді. Сонымен қатар соңғы онжылдықта бұл тұжырымдарға қосымша археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен дәлелденген тың ақпараттар да көптеп келтіріле бастады. Орталық Азияның бірқатар жерлерінен табылған қазба жұмыстарындағы қазылған әйел қабірлеріндегі жерленген әйелдің сәні мен салтанаты, байлығы оның тек отбасы аясындағы тіршілік ауқымынан асып, одан да жоғары әлеуметтік дәрежедегі мәртебе иеленгендігінің белгісі деп тұжырымдайтын пікірлер айтылуда.

Мұның өзі – түрлі тарихи даму кезеңдеріндегі әйел мен ер адам мәртебесінің әралуан сипатын тереңдей талдауға жетелейтін ой-пікірлер. Әйелдің дәстүрлі өмір салтындағы отбасылық міндеттерімен қоса көшпелі өмірді үйлестірудегі рөлі, жұмыс күші ретіндегі маңызы мен қоса ер адамның табысын үйлестіру, отбасылық өнімдерді өндіру, дамыту сияқты ру, қауым ішіндегі шаруашылық істерін басқару мәртебесін иеленгендігі, үлкендер мен жастар арасын, ұрпақ арасын жалғастырудағы маңызды қызмет атқарғандығының арқасында элиталық социум мүшесіне дейінгі деңгейге көтерілуінің негізі бар.

Демек, зерттеу барысында көз жеткізілген нәтижелерді былайша тұжырымдауға болады:

- Адамзат баласы санасының балаң кезіндегі көне дәуірлердің өзінде әйел мен ер арасындағы жаратылыс ерекшелігіне баса мән беріліп, атқарылатын түрлі белгілі бір рәсімдер арқылы ара-жігі айқындалып, еңбек бөлінісі, міндет-парызы біртіндеп жіктеліп, нақтылана түскен.

- Әйелдің басты функциясы – өмірге ұрпақ әкелу мен оны тәрбиелеу функциясы алғы кезекке шығып, сол арқылы әйел мәртебесін белгілеу жүзеге асып, оның өзі іштей толығып, күрделене түскен.

- Тек отбасылық ғұрыптарда ғана емес басқа да ғұрыптық фольклор түрлерінде (егіншілікке, аңшылыққа, наным-сенімдер ғұрпына қатысты) әйелдің іс-әрекеті мен ниеті ер азаматтың ісімен сабақтас алынып, ол қашықтықтан әсер ету ғұрыптары арқылы да іске асырылып отырған.

- Көшпелі дала тіршілігіндегі қазақ әйелінің функциясы замандар бойына жетіліп, толығып отырған. Ол жалпы әлеуметтің, қоғамның ортақ мұраттарын көздеген игі істерге де өзіндік үлесін қосқан.

– Әйел болмысына қатысты тарихи кезеңдердегі түрлі тәжірибелердің бай мағлұматын, тәжірибесін бойына сіңірген, мұра еткен бүгінгі қазақ әйелі негізінен отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиешісі, ер азаматының сүйеніші және белгілі бір кәсіп иесі ретіндегі тұлғаға айналған.

5. Қорытынды

Қорытындылай келгенде ғұрыптық фольклордың әрбір саласындағы әйелдің орыны мен атқаратын қызметіне жан-жақты талдау жүргізу өзекті мәселе болып табылады. Аталған мәселенің мәнін фольклортанулық тұрғыдан ғана емес этнографиялық, психологиялық, этно-лингвистикалық мағлұматтармен сабақтастыра кешенді түрде тексеру арқылы көнеден күні бүгінге дейінгі әйел мәртебесінің тарихын терең тануға болады. Бұл тұрғыда түркі халықтарының фольклоры материалдарымен де салыстыра отырып, сабақтастық пен өзгешелік жақтарын ажыратуда маңызды міндеттің бірі. Ал еуропа халықтарының мәдениетіне қатысты еңбектердегі әйел тұлғасына қатысты ой-пікірлерді талдау мен салыстыра қарастыру бүгінгі жаһандану үрдісіндегі ұлттық дүниетаным мен тәрбие ерекшелігін ашуға маңызды мәліметтер берері сөзсіз.

Біз бұл мақаламызда осы аталған күрделі мәселелердің кейбір маңызды тұстарын талдаумен ғана шектелдік.

Әдебиеттер:

1. Абрамян Л.А. Ерлер әлемі мен әйелдер әлемі: алшақтау мен тоғысу // Ерлер мен әйелдердің этникалық мінез-құлық стереотиптері / Жауап. ред. А.К. Байбурин, И.С. Кон. – Санкт-Петербург: Наука, 1991. – 109–132 б. (орыс.)
2. Байбурин А.К., Кон И.С. (ред.) Ерлер мен әйелдердің этникалық мінез-құлық стереотиптері. – Санкт-Петербург: Наука, 1991. – 320 б. (орыс.)
3. Басилов В.Н. Ортаазиялық шамандықтың екі нұсқасы // Кеңестік этнография. – 1990. – № 4. – 66 б. (орыс.)
4. Батянова Е.П. Сібір халықтарындағы әйел-шамандар // Әйел және еркіндік: дәстүр мен өзгерістер әлеміндегі таңдау жолдары. 1993 ж. халықаралық конференция материалдары. – Мәскеу, 1994. (орыс.)
5. Бекмұратова А.Т. Қарақалпақтардың тұрмысы мен отбасы: өткені мен бүгіні. – Нүкіс: Қарақалпақстан, 1970. (орыс.)
6. Диваев А. Ежелгі қырғыздардың жерлеу әдет-ғұрыптары // Қазан университеті жанындағы археология, антропология және этнография қоғамының еңбектері. – 1897. – Т. XIV, шығар. 2. – 182 б.; Қырғыздардың өлген адамға арналған жоқтаулары // Сол еңбектер. – Қазан, 1898. – Т. XIV, шығар. 5. – 558–571 б. (орыс.)
7. Есбергенов Х. Ескірген әдет-ғұрыптар мен салт-жоралардың сарқыншақтарымен күрес мәселесі (қарақалпақтардың «ас» асы) // Кеңестік этнография. – 1963. – № 5. (орыс.)
8. Зеленин Д.К. Сібірдегі онгондар культы. – Мәскеу; Ленинград: КСРО ҒА баспасы, 1936. – (ИААЭ еңбектері. Т. XIV. Этнографиялық серия. Шығ. 3). (орыс.)
9. Задыхина К.Л. Орта Азия халықтарындағы жас ерекшелікке байланысты топтардың сарқыншақтары // Рулық қоғам. Этнографиялық материалдар мен зерттеулер. – Мәскеу, 1951. – (ТИЭ, Т. 14). (орыс.)
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. – Т. 4. – 562 б. (қаз.)
11. Кашкеева А.Б., Құлжанова Б.Р. Халық танымындағы табудың лингвомәдени қызметі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2023. – № 4 (145). – 45–55 бб. (каз.)
12. Келмағанбетова А., Мәжітасева С., Аязбаева Б., Рақымберлина С., Қадыров З. Коммуникациядағы ым-ишараның рөлі // Тіл біліміндегі теория және практика. – 2023. – 13(10). – 2506–2513 бб. (ағылшын)
13. Колбасенко И.С. Акушерлік маңызы бар кейбір қырғыз әдет-ғұрыптары мен нанымдары // Киев акушер-гинекология қоғамы отырыстарының хаттамалары. – Киев, 1889. – 3-жыл, шығар. 5. (орыс.)

14. Мұқан А., Матыжанов К. Қазақ отбасы фольклорының типологиялық ерекшеліктері // *Utopía y Praxis Latinoamericana*. – 2020. – 25-ж., № Extra 6. – 40–49 бб. <https://orcid.org/0000-0003-3398-0108> (ағылшын).
15. Мустафина Р.М. Қазақтардағы наным-сенімдер, культтер мен ғұрыптар (XIX ғасыр соңы – XX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстандағы тұрмыстық ислам контекстінде). – Алматы, 1992. (орыс.).
16. Стасевич И.В. Қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесі: дәстүр және қазіргі заман. – Санкт-Петербург: Наука, 2011. – 200 б. (орыс.).
17. Цивьян Т.В. Ер/әйел оппозициясы және оның дүниетанымдық модельдегі жіктеушілік рөлі // Ерлер мен әйелдердің этникалық мінез-құлық стереотиптері. – Ленинград: Наука, 1991. – 77–91 б. (орыс.).
18. Тишин В.В., Серегин Н.Н. Ежелгі түркі қоғамындағы әйелдің орны // *Тарихи психология және тарих социологиясы*. – 2015. – № 1. – 109–127 б. (орыс.).
19. Харитоновна В.И. Өзін-өзі іздеудің жанталасуы (кіріспе) // *Әйел және шаманизмнің қайта өрлеуі: мыңжылдық тоғысындағы посткеңестік кеңістік*. – Мәскеу, 2005. (орыс.).

References:

1. Abramyan, L. A. (1991). The world of men and the world of women: Divergence and encounter. In A.K. Baiburin & I. S. Kon (Eds.), *Ethnic stereotypes of male and female behavior* (pp. 109–132). St. Petersburg: Nauka, USSR Academy of Sciences, Institute of Ethnology. (Russ.).
2. Baiburin, A. K., & Kon, I. S. (Eds.). (1991). *Ethnic stereotypes of male and female behavior* (320 p.). St. Petersburg: Nauka. (Russ.).
3. Basilov, V. N. (1990). Two variants of Central Asian shamanism. *Soviet Ethnography*, (4), 66. (Russian)
4. Batyanova, E. P. (1994). Female shamans among the peoples of Siberia. In *Woman and freedom: Paths of choice in a world of tradition and change. Proceedings of the International Conference, 1993. Moscow*. (Russ.).
5. Bekmuratova, A. T. (1970). *Life and family of the Karakalpaks: Past and present*. Nukus: Karakalpakiya. (Russ.).
6. Dīvaev, A. (1897–1898). Ancient Kyrgyz funeral customs (1897); Kyrgyz laments for the deceased (1898). *Proceedings of the IOAE at Kazan University*, 14(2), 182; *IAIOE*, 14(5), 558–571. (Russ.).
7. *Explanatory dictionary of the Kazakh language* (Vol. 4, p. 562). (1979). Almaty. (Kaz.).
8. Esbergenov, Kh. (1963). On the struggle against relics of obsolete customs and rituals (Karakalpak memorial feast “As”). *Soviet Ethnography*, (5). (Russ.).
9. Kashkeeva, A. B., & Kulzhanova, B. R. (2023). The linguocultural function of taboos in folk consciousness. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University*, 4(145), 45–55. (Kaz.).
10. Kelmaganbetova, A., Mazhitayeva, S., Ayazbayeva, B., Rahymberlina, S., & Kadyrov, Z. (2023). The role of gestures in communication. *Theory and Practice in Language Studies*, 13(10), 2506–2513. (Engl.).
11. Kharitonova, V. I. (2005). *Furious search for self* (Preface). In *Woman and the revival of shamanism in the post-Soviet space at the turn of the millennium*. Moscow. (Russ.).
12. Kolbasenko, I. S. (1889). Some Kyrgyz customs and beliefs of obstetric importance. *Minutes of the meetings of the Kyiv Obstetric and Gynecological Society*, 3(5). (Russ.).
13. Mukhan, A., & Matyzhanov, K. (2020). Typological characteristics of the Kazakh family folklore / *Características tipológicas del folklore familiar kazajo*. *Utopía y Praxis Latinoamericana*, 25(Extra 6), 40–49. <https://orcid.org/0000-0003-3398-0108> (Engl.).
14. Mustafina, R. M. (1992). Beliefs, cults, and rituals of the Kazakhs (in the context of folk Islam in South Kazakhstan, late 19th–20th centuries). Almaty. (Kaz.).
15. Stasevich, I. V. (2011). The social status of women among the Kazakhs: Traditions and modernity (200 p.). St. Petersburg: Nauka. (Russ.).
16. Tishin, V. V., & Seregin, N. N. (2015). The status of women in ancient Turkic society. *Historical Psychology and Sociology of History*, (1), 109–127. (Russ.).
17. Tsivyan, T. V. (1991). The male/female opposition and its classificatory role in the world model. In A. K. Baiburin & I. S. Kon (Eds.), *Ethnic stereotypes of male and female behavior* (pp. 77–91). Leningrad: Nauka. (Russ.).
18. Zadykhina, K. L. (1951). Remnants of age classes among the peoples of Central Asia. In *Tribal society. Ethnographic materials and research* (Vol. 14, p. 138). Moscow. (Russ.).
19. Zelenin, D. K. (1936). The cult of Ongons in Siberia. In *Proceedings of the IAAE* (Vol. 14, *Ethnographic Series, Issue 3*). Moscow–Leningrad: USSR Academy of Sciences Publishing House. (Russ.).